

## АЛДАБЕРГЕНОВ НҰРТАЗА ОРЫНХАНҰЛЫ

Редакциялық атқа мүшелері:  
*Елеуов М., Төлеубаев Ә.Т.,  
Қалыш А.Б., Омаров Ғ.К.*

**Алдабергенов Нұртаза – ғалым, ұстаз, тұлға: естеліктер.** – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 93 бет.  
**ISBN 978-601-04-2974-1**

Бұл жинаққа көп жылдардан бері археология саласында қызмет етіп келген, белгілі ғалым Н. Алдабергенов жайлы естеліктер берілген басылым болып табылады.

ISBN 978-601-04-2974-1

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі директорының кеңесшісі Нұртаза Алдабергенов.

Нұртаза Алдабергенов 1947 жылы 20 қарашада Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс қаласында дүниеге келген. 1965 жылы мектеп бітірген соң Орта Азия мен Қазақстан бойынша маман археологтар даярлайтын бірден-бір жоғары оқу орны Ташкент университеті тарих факультетінің Археология бөліміне оқуға түскен. Аты әлемге әйгілі ғалымдар мен ұстаздардан дәріс алып, Орта Азия елдерінде кең көлемде зерттеу жұмыстары жүргізіп жатқан Оңтүстік Түркіменстан, Термез, Кеш және Қырғыз археологиялық экспедицияларының жұмысына қатысып, үлкен өмір мектебінен өтіп, тәжірибе жиған Н. Алдабергенов 1970 жылы университет бітіріп, еңбек жолын Қазақ ССР Ғылым Академиясының тарих, археология және этнография институтының Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы құрамында ежелгі Отырар қаласында жүргізіліп жатқан қазба жұмыстарына қатысудан бастады.

Н. Алдабергенов 1970-1971 жылдары Шымкент облысының Қызылқұм аудандық оқу бөлімінің инспекторы, 1971-1973 жылдары Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Республикалық ғылыми қайта қалпына келтіру шеберханасында археолог болып қызмет атқарған ол ортағасырлық Түркістан қаласында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарына қатысып, Есімхан кесенесін, Қылуетті ашып, Күлтөбеде басталған алғашқы қазба жұмыстарына басшылық жасады.



**Г.А. МЕЙРМАНОВА**

*тарих ғылымдарының кандидаты  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

## **ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ**

Алдабергенов Нұртаза ағай 1965 жылы мектеп бітіргеннен кейін, Ташкент қаласында білім алған. Орта Азия Университетінің тарих факультетінің археология бөлімін 1970 жылы бітіріп шыққаннан кейін, 1973 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің тарих факультетінен археология және этнология кафедрасына ассистент ретінде орналасқан. Университет қабырғасында, археология және этнология кафедрасында студенттерге «Археология», «Орта Азия археологиясы» және «Археологиялық зерттеулердің әдістері» пәндерімен курстарынан дәріс оқыды.

Нұртаза Алдабергеновты алғаш рет 1996 жылы ҚазҰУ-нің Археология, этнология және тарих факультетінде кездестірген едім. Ғимараттың 4-ші қабатына көтерілгенде үстіне «кримплин» костюм, қырланған шалбар, шашына аздап ақ түскен, әрі оңғай қарай